

"Kazakhstan Airlines" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 657 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Kazakhstan Airlines" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Kazakhstan Airlines" ААҚ) тіркеу нөмірі UN-B6701 Boeing 767-200 ER әуе кемесін, сондай-ақ 2000 жылғы 20 желтоқсандағы The Boeing Company мен "Kazakhstan Airlines" ААҚ мен Gore Design Completions, Ltd. арасындағы Ұшақты түрлендіру және оның интерьерін аяқтау туралы шартқа сәйкес сатып алынған қосалқы бөлшектерді, жабдықтарды және оларға арнайы аспаптарды (бұдан әрі - қосалқы бөлшектер, жабдықтар және оларға арнайы аспаптар) республикалық меншікке беру туралы ұсынысына келісім берілсін. <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.09. N 343 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппенен:

тіркеу нөмірі UN-B6701 Boeing 767-200 ER әуе кемесін, қосалқы бөлшектерді, жабдықтарды және оларға арнайы аспаптарды республикалық меншікке қабылдасын; <*>

тіркеу нөмірі UN-B6701 Boeing 767-200 ER әуе кемесін, қосалқы бөлшектерді, жабдықтарды және оларға арнайы аспаптарды Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының (келісім бойынша) жедел басқаруына берсін. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.09. N 343 қаулысымен .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі